

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі — ҚМГ, Компания) Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ активтерді барлық өндірістік цикл бойынша басқарады — көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және сервистік қызметтер көрсетуге дейін. Компания 2002 жылы құрылған және еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді.

КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) (90,42%) мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚР Ұлттық Банкі, ҚҰБ) (9,58%) ҚМГ акционерлері болып табылады, 2015 жылғы 12 қазаннан бастап ҚМГ акциялары Қорға сенімгерлік басқаруға тапсырылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ – жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын егеменді қор. Оның миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру мен болашақ ұрпақтар үшін ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету. Қордың қоржынына мұнай-газ және көлік-логистикалық секторлардың, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургиясы кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік компаниялары кіреді.



#1
ҚАЗАҚСТАНДА

МҰНАЙ ӨНДІРУДЕН
ТАСЫМАЛДАУДАН
МҰНАЙ ӨҢДЕУДЕН